**Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 қаңтардағы №1-қ "2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 04 сәуірдегі № 119-қ қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 сәуірде № 2402 болып тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Зандарына сәйкес, Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 қаңтардағы «2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы» № 1-қ қаулысына ( нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2357 болып тіркелген, 2014 жылғы 14 ақпанда «Әділет» ақпараттық- құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 14 ақпанда «Мұнайлы» газетінің № 6 (383) санында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ( Г.Ақниязова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның «Әділет » ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім* *Е. Әбілов*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г. Ақниязова 04 сәуір 2014 жыл

«Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ш. Сұңғат 04 сәуір 2014 жыл

Мұнайлы аудан әкімдігінің 04 сәуір 2014 ж. № 119-қ қаулысына қосымша

## 2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

| № р/с | Ұйымдар атаулары | Жұмысқа жіберілген жұмыссыздар-дың саны (адам) | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Қоғамдық жұмыстар-дың көлемі | Қай уақытқа дейін жолдана-ды |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мұнайлы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 8 | Амбулатория-лық картаны толтыру | 320 | 12 ай |
| 2 | «Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 4 | Құжаттарды өңдеу | 160 | 12 ай |
| 3 | «Мұнайлы аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 4 | Курьерлік жұмыс | 160 | 12 ай |
| 4 | «Мұнайлы аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1 | Карта толтыру | 40 | 12 ай |
| 5 | | 2 | Құжаттарды өңдеу | 80 | 12 ай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «№ 1 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесі | | | | |
| **6** | «Қызылтөбе лицейі» мемлекеттік мекемесі | 2 | Құжаттарды өңдеу | 80 | 12 ай |
| **7** | «№ 5 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесі | 2 | Құжаттарды өңдеу | 80 | 12 ай |
| **8** | «№ 6 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесі | 2 | Құжаттарды өңдеу | 80 | 12 ай |
| **9** | «№ 8 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 3 | Құжаттарды өңдеу | 120 | 12 ай |
| **10** | Мұнайлы аудандық ардагерлер кеңесі | 2 | Құжаттарды өңдеу | 80 | 12 ай |
| **11** | «Мұнайлы аудандық зейнетақы төлеу орталығы» республикалық коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 4 | Құжаттарды өңдеу | 160 | 12 ай |
| **12** | «Маңғыстау-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 8 | Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыс | 320 | 12 ай |
| **13** | «Мұнайлы аудандық соты» мемлекеттік мекемесі | 1 | Құжаттарды өңдеу | 40 | 12 ай |
| **14** | «Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Сот актілерін орындау Комитетінің Маңғыстау облысы Сот актілерін орындау Департаментінің Мұнайлы аумақтық бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 5 | Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыс | 200 | 12 ай |
| **15** | «Мұнайлы аудандық прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі | 5 | Құжаттарды өңдеу | 200 | 12 ай |
| **16** | «Мұнайлы аудандық тұтынушылардың құқықтарын | 3 | Құжаттарды өңдеу | 120 | 12 ай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі | | | | |
| **17** | «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Маңғыстау облысының әділет департаменті Мұнайлы ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі | 4 | Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыс | 160 | 12 ай |
| | **Барлығы** | **60** | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК